

Автомобиль жолдары саласын дамытудың жобасын қаржыландыру үшін Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің заемын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 желтоқсан N 1823

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Автомобиль жолдары саласын дамытудың жобасын (бұдан әрі - жоба) қаржыландыру үшін Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің (бұдан әрі - несиегер) заемын тарта отырып, 28 500 000 (жиырма сегіз миллион бес жүз мың) АҚШ долларынан аспайтын сомада "Автомобиль жолдары саласын дамыту" жобасын қаржыландыру мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп, жобаны қаржыландыру мәселелері жөнінде несиегермен келіссөздер жүргізісін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан несиегермен заем туралы тиісті келісім (ш а р т) ж а с а с с ы н ;

тартылатын заемға қызмет көрсетуді және оны өтеуді тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражаттың есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тартылатын заем қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заем туралы келісімге

(шартқа) қол қойылғаннан кейін заемның Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкестігі туралы заң қорытындыны ресімдесін.

5.

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.